



Тәуекел тұсындағы табыс


«Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс. ...Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тың белес

Өткен алты жыл Қазақстан үшін сындарлы кезең деп ата-сақ болар. Күрделі сынақтармен қат-қабат келген тоқсан түрлі өзгерістер елімізді өзгеше дамуға бастады. Әсіресе, пандемия салдарынан туындаған жабандық дағдарыстан кейін ел экономикасы біртіндеп тұрақталып, инфрақұрылымды жаңғырту, экспорт көлемін арттыру әрі шетелдік инвестиция тарту арқылы орнықты даму жолына түсті. Осы жалпыұлттық серпіннен қажырлы да қазыналы Қарағанды облысы да шет қалмай, керісінше, бірқатар бағыттарда алдыңғы қатарға шықты. Өңір өз дамуын үдемелі түрде жалғастырып, өнеркәсіп, көлік-логистика, агроөнеркәсіп және әлеуметтік инфрақұрылым салаларында жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Дәйектеп көрелік.

Мәселен, 2020 жыл Қазақстан экономикасы үшін едәуір соққы болғандай. Сол кезде жалпы ішкі өнім 2,5%-ға қысқарды. Бірақ, 2021 жылға қарай экономика еңсеріле бастады. Өсім 4,3%-ды құрап, кейінгі жылдары ел өзінің әл-ауқат шебін нығайта түсуді жалғастырды. 2023 жылы жалпы ішкі өнім үлесі 5,1%-ға өсіп, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша сарапшылар 6,2% деңгейінде өсімді көперте санды. Қазақстан 2025 жылы мұнай өндіру көлемін 12%-ға ұлғайтып, халықаралық энергетикалық келісімдердегі елдің



Қаламыз жанын Арайлым Қосыева

шебін нығайтуға мүмкіндік берді.

Шынтуайтында, әр өңірдің ошағын маздатар, қызуын қоздатар қарекетте алдымен мемлекеттік бағдарламалардың орны бөлек. Орталық облысты қоса алғанда қаншалық қарапайым болғанымен, соншалық келелі көрінетін жол мен тұрғын үй, мектеп пен коммуналдық шаруашылық нысандарының ауқымды құрылысын қамтамасыз ету байсалды да байыпты бағдарламалар негізінде іске асып жатты. Талпынысы табысты трансформацияға ұласқан сандық технологияның арқасында ғаламтор желісі шалғай ауылдарға жетті, мемлекеттік қызметтерде онлайн-сервистер басымдығы байқалды. 2024 жылға қарай жалпы ішкі өнімдегі қызмет көрсету саласының үлесі 56%-дан асты. Ал, интернет-колжетімділік халықтың 90%-дан астамын қамтиды.

– Алты жылда өзгерген өңір келбеті – алыстан емес, өз айналасынан көрінеді. Бұрын ескілеу

жолмен дйттеген жеріне жету сағаттарға созылса, қазір заманауи күре жолмен зырғып барасың. Балалар жаңа мектепке барып, ауылдағы ақ жаулықты әжелер емхана кезегіне онлайн жазылады. Бұрын арман болған нәрселер қазір қалыпты өмір көрінісіне айналды, – дейді Бұқар жырау ауданына қарасты Құрылыс ауылының тұрғыны Зибаш Жұмәділқызы.

Өңірлік өнім өндіру өсті

Төңірімізді тізбекте облыс ілгерінді-кейінді мерзімдерде жалпыұлттық өсу аясында ерекше көзге түсті. 2024 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 9,24 трлн теңгеге жеткен. Ал, биылдың алғашқы алты айында өңірдің экономикасы 8,6%-ға өсті. Өнеркәсіп секторы үлкен үлес қосты. Тау-кен өндіру көлемі 11,3%-ға өсім ұсынып, өңдеу өнеркәсібі 4,6%-ға артты. Өндірісті өңірге инвестициялар арта-раптан түсуде. Аймақтың сыртқы

саудасы да дамып келеді. Балтырдың тоғыз айында ЕАЭО серіктестерімен сауда көлемі 2,1 млрд-тан асты. Өңірдегі орташа атаулы жалақы 2025 жылдың басында 400 мың теңгеге жетті.

Алда әлі де бірқатар жүйелі міндеттер тұр. Ең алдымен – инфляцияны төмендету маңызды меже. Экономиканы артараптан-дыру стратегиялық мақсат болып қала береді. Шикізатқа тәуелділік-тен ел біртіндеп өңдеу өнеркәсібін, логистиканы және IT-секторды дамытуға көшу үстінде. Өңір қуатты индустриялық әлеуетке не бола отырып, қазіргі заманғы, экспорт-тық-бағдарланған және серпінді жаңа өнеркәсіптік Қазақстанның қандай болуы мүмкін екенін ай-ғақтай түскендей.

Отандық экономика алты жыл ішінде пандемия салдарына қарамастан тұрақты өсуге дейінгі жолдан өтті. Осы бағытты сақтай отырып, ел Орталық Азияның эко-

номикалық көшбасшысы мәртебесінде орнығуға барлық мүмкіндіктерге ие.

Алты жылдың айғағы

Талғамды оймен таразылап көрер болсақ, ірі облыс алты жыл ішінде алты түрлі ілгерілеуге қам-дам басты. Біріншісі – экономика-ның екпіндеуі. Аймақ жалпыұлт-тық өсіммен үндесіп қана қоймай, өңірлік өнім мен өнеркәсіптің өр-леуіне сүбелі үлес қосты. Одан соң инфрақұрылым жаңғыруын атап өтеміз. Жол, тұрғын үй, әлеуметтік нысандар бәрі де кешенді бағдар-ламалармен қайта түлеп, сапалы өмірдің негізіне айналды. Кейін-гі қатарда сандық сервистердің кеңеюін баса белгілесек болар. Интернеттің қолжетімділігі ар-ты, мемлекеттік қызметтер онлайн форматқа көшіп, бюрократиялық кедергілер азайды. Төртіншісі – инвестициялық тартымдылықтың артуы. Өңірге құйылған отандық



және шетелдік капитал көлемі едәуір өсті, жаңа өндіріс ошақтары мен жобалар іске қосылды. Бесіншісі – әлеуметтік стандарттардың жақсаруы. Орташа жалақының өсуі, жаңа мектептер мен ауруханалардың салынуы халықтың тұрмыс сапасына оң әсер етті. Және алтыншысы – экспорттық әлеуеттің ұлғаюы. Өңірлік өнімнің сыртқы нарыққа бағытталуы күшейіп, әсіресе, ЕАЭО елдерімен сауда байланысы нығая түсті.

Осындай да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халыққа тұрақты жұмыс орындары, қолайлы жол, ауруханалар мен мектептер, сапалы азықтүлік керек. Экономикалық реформалар азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасының жоғары стандартын қамтамасыз еткенде ғана өзін-өзі ақтап, қолдауға ие болады», – деген дәйексөзі ерікті-еріксіз еске оралады. Осы ой – ел мен өңірдің бір бағытта, бір мүдде төңірегінде дамып келе жатқанын көрсетеді. Алты жылдың ай-ғағындай болған осы жетістіктер – тек бастама ғана. Қарағанды облысының бүгінгі беталысы ертең-гі елдің бағытын бағдарлайтын-дай. Қазынаға бай, қабілеті кемел аймақ ендігі жерде жаңа экономиканың – жасампаз өнеркәсіптің, жасыл технологиялардың, адами капиталға негізделген дамудың қозғаушы күшіне айналмақ. Алты жыл – тарихи ауқымда бір мезет болса да, ел мен өңір тағдырында тағылымы терең, маңызы мол кезең. Бұл уақыт ішінде Қарағанды облысы инфрақұрылымнан индустрияға, агросектордан цифрлық жүйеге дейінгі салаларды бірдей қамтыған дамудың жолына түсті. Экономикалық деректер мен азаматтардың күнделікті өмірі арасындағы айырмашылық жойылып, ресми сандар нақты сезімге айналып келеді. Міне, басты көрсеткіш – осы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТ

Үміт пен мейірім мекені

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында еліміздің әр өңірінде түрлі жұмыстар атқарылып келеді. Осыдан бір ай бұрын қаламызда «Бізбен бірге бол» атты әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсететін интеграциялық орталық ашылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында: «Әлеуметтік осал топтарға көрсетілетін көмекті үнемдеуге болмайды. Бұл – біздің азаматтық борышымыз әрі қоғам алдындағы парызымыз», – деген еді.

Президенттің осы сөздері бүгінде шынайы іспен дәлелденіп келеді. Қарағанды қаласында 16 жаспан асқан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Бізбен бірге бол» интеграциялық орталығы жұмыс істейді. Жоба Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастамасымен құрылып, бір айдың ішінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп үлгерді.

Жалпы, орталық үш негізгі

жоба бағытында жұмыс атқарады. Атап айтқанда, әлеуметтік-еңбек бағыты ас үй студиясы мен қолданбалы өнер арқылы еңбек дағдыларын меңгеруге үйретеді. Нақтыласак, аспаздықты, қамыр илеуді, жартылай фабрикаттар дайындауды, одан бөлек тоқыма және кестелеуді, ұсақ моториканы дамытуды көздейді.

Ал, әлеуметтік-мәдени бағыт спорттық және шығармашылық іс-шаралар арқылы тұлғалық дағдыларға машықтандырады. Жалпы, дене дамуы, би, инклюзивті театр қарастырылған.

Үшінші, кеңес беру қызметтерін көрсету. Бұл бағытта заңгер, психолог, әлеуметтік жұмыс бойынша мамандардан кеңес алады.

Орталықтың Ә.Бөкейхан ауданы, Магнитогорск көшесіндегі 2-үйде ашылуының өз мәні бар.

Себебі, сол маңайда мазмұндас үш бірдей мемлекеттік мекеме (балалар үйі, психикалық дамуы тежелген балалар үйі, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орталықтар) орналасқан. Бүгінде интеграциялық орталық ашылғалы бері отызға жуық тәрбиеленуші келсе, олардың басым бөлігі ілгеріде атап өткен мекемелерден. Интеграциялық орталықтың басшысы – Әсел Бекбаева.

– Біздің орталық жаңа форматтағы пилоттық жоба есебінде. Мақсатымыз – ерекше қажеттіліктері бар жандарды қоғамға бейімдеудің тиімді моделін жасау. Ашылғанымызға бір айдың жүзі ғана болды. Қазір бізде 11 маман жұмыс істейді. Психолог, заңгер, кеңес беруші, әлеуметтік қызмет көрсетушілер. Айта кетейін, олардың ішінде мүгедектігі бар бес адамды және екі зейнет жасындағы тұрғындарды жұмыспен қамтып отырмыз. Менің өзім де осындай мүмкіндікті талап ететін ерекше баланың анасымын. Сондықтан да, бұл жоба мені алға қарай жетелеп, жігерлендіреді. Сонымен қатар, мамандардың



ішінде мен секілді ата-аналар да бар. Оларды өз қатарынан қалдырмауға біз ұжым болып бар күшімізді саламыз, – деді Әсел Шаймуратқызы.

Орталықтың аумағы 200 шаршы метрді қамтиды. Сан түрлі кабинеттерге бөлінген ғимаратта мамандар түрлі қызмет бойынша жұмыстар жүргізеді. Дататекә,

компьютерлік сауаттылық, сәндік-қолданбалы өнер студиясы, кофехана, т.б. сынды бағыттарға бөлінген.

► 2-бет

Ашық диалог алаңында



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақ тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Облыстың әр түпкірінен келген тұрғындар, маңызды деген проблемаларын ортаға салып, көкейіндегі сауалын қойды. Бұл жолғы қабылдауда тұрғын үй мәселесіне қатысты өтініштер басым болды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғын үй мәселесі бойынша әкімге мүгедектер, көпбалалы аналар, өрт салдарынан баспанасынан айырылған тұрғындар және тұрғын үйге мұқтаж зейнеткерлер жүгінді. Қабылдау барысында оларға тұрғын үй берудің кезек тәртібімен шешілетіні жан-жақты түсіндірілді.

Сонымен бірге, облыс аумағын көгалдандыру, Приозерск қаласындағы көпқабатты үйдің сыртын жөндеудің сапасына қатысты мәселелер, сондай-ақ, жеке құрылысқа арналған жер учаскесін алу туралы сұрақтар да назардан тыс қалмады.

Кездесуге қатысқан мемлекеттік құрылымдар мен облыстық басқармалар өкілдері туындаған сұрақтар мен көтерілген мәселелер бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет беріп отырды.

Ең негізгі деген сұрақтардың басым бөлігі сол жерде шешімін тапқанын айта кету керек. Толығырақ қарап, зерделеуді қажет ететін мәселелер заңнамаға сәйкес әрі қарай шешімін табуы үшін мұқият бақылауға алынды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Көлік қозғалысы жақсара түседі

Қарағандыда жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары кең көлемде жалғасуда. Биыл қала үшін стратегиялық маңызы зор жоба іске қосылды. Оңтүстік-Шығыс пен Майкұдықты тікелей жалғайтын жаңа автомагистральдің құрылысы басталды. Бұл бастама қаланың орталық көшелеріндегі көлік жүктемесін едәуір төмендетіп, жол кептелістерін азайтып, тұрғындар үшін қозғалыс қолжетімділігін айтарлықтай жақсартады.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында жол құрылысымен танысып, нысандардағы жұмыстардың сапасын тексерді.

Жаңа автомагистральдің ұзындығы шамамен 6 шақырым болады. Жолдың өткізу қабілетін арттыру мақсатында жол төрт жолақты етіп салынады. Әр бағытта екі жолақ. Трасса С.Мұқанов көшесінен басталып, қарқынды дамып жатқан Оңтүстік-Шығыс ікшамауданы арқылы өтіп, Майкұдықтың Шығыс айналма жолына шығатын болады.

Биыл құрылыс жұмыстарының бірінші кезеңінде С.Мұқанов көшесі мен «Династия» тұрғын үй кешеніне дейінгі аралық қамтылады. Жобаға жиекжолдар, көгалдандыру аймақтары және автотұрақтар қарастырылған. Автожолды толық пайдалануға беру 2027 жылға жоспарланған.

Сонымен қатар, Е.Бөкетов көшесіндегі жол құрылысы да жалғасып жатыр. Мұнда ас-

фальт төселіп, жаңбыр суын ағызу жүйелері мен жарықтан-дыру тіректері орнатылды. Жобаны осы жылдың соңына дейін аяқтау көзделген.

Қаланың негізгі көлік артерияларының бірі Н.Назарбаев даңғылында да жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл бағыттағы соңғы ауқымды жөндеу осыдан 15 жыл бұрын болған. Биыл мұнда орташа жөндеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар, жаяу жүргіншілер жолағы қайта жабдықталып жатыр: ескі, бүлінген тастардың орнына сапалы гранит төсеніштер салынып жатыр. Биыл жол жабыны мен тротуарлар жаңартылса, келесі жылы даңғылдың орталық жаяу жүргіншілер аймағы толықтай қайта жаңғыртылмақ.

Облыс басшысы жұмыс сапары барысында қаланың өзге де аумақтарындағы абаттандыру барысын бақылап шықты.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Мағыналы кездесу, маңызды мәселе

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск қаласының тұрғындарымен маңызды кездесуде жергілікті жұртшылықтың әлеуметтік жағдайына қатысты өзекті мәселелерді кеңінен талқылады. Аймақ басшысы қала мен оған іргелес елдімекендердің дамуындағы басты түйткілдерді саралап, шаһар халқының ұсыныс-пікірлерін мұқият тыңдады. Осы басқосуда тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және экологиялық мәселелерге байланысты көптеген маңызды шешімдер қабылданды. Өз кезегінде Ермағанбет Бөлекпаев халықтың сұраныстарына нақты жауап беріп, облыстың алдағы жылдардағы дамуына бағытталған нақты қадамдарды ұсынды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, Шахтинск қаласында газдандыру жобасы қарқын алып келеді. Жақын арада монока-ла тұрғындары көгілдір отынды тұтына бастайды. Қазіргі таңда газ тарату станциясы мен магистральдық желілердің құрылысы толық аяқталған. Ішкі кварталдық желілер жүргізіліп жатыр. Келесі кезеңде табиғи газ «Северо-Западный» ауылына жеткізіледі.

Кездесуде тұрғындар коммуналдық қызметтердің жай-күйі, жолдардың сапасы, көше жарығы, балалар және спорт алаңдарының жетіспеушілігі, тазалық пен тәртіп мәселелерін көтерді.

— Қалада жүйелі жұмыс жалғасуда. Ең маңызды жобалардың бірі — газдандыру. Бұл — халық көптен күткен мәселе. Сіздердің бұл жұмысты асыға күтіп отырғандарыңызды білемін. Біз осы бағытта нақты шаралар қабылдап жатырмыз, — деді Ермағанбет Бөлекпаев. — Сондай-ақ, жылу маусымына дайындық барысы қатаң бақылауда. Кездесуге дейін ЖЭО-ға барып, атқарылып жатқан жұмыстармен таныстым. Қазір үш қазандық пен бір турбина күрделі жөндеуден өтуде. Негізгі және қосалқы жабдықтар жаңартылып жатыр, барлық жұмыстарды энергетикалық қадағалау органы тексеруде. Бұл жылыту сапасына оң әсер етеді деп күтеміз, — деді өңір басшысы.

Аймақ басшысының айтуынша, Шахтинск қаласында бес қабатты көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар, Шахан кентінде екі көпқабатты үйдің кіреберістері күрделі жөндеуде. Пәтерлер кезекте тұрған азаматтарға беріледі.

Жыл соңына дейін 85 отбасы жаңа баспана алады. Қалада алғаш рет жеке инвестициялар есебінен көпқабатты тұрғын үй салу жобасы басталды.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету де — негізгі басым бағыт-



тардың бірі. Қалада су құбырлары қайта жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Өткен жылы жоба аясындағы екінші кезең сәтті аяқталған.

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбековтің айтуынша, үшінші кезең аясында 49,4 шақырым құбырдың 34 шақырымы тартылған. Сонымен қатар, «Новодолинский» кентінде су құбыры желілерінің құрылысы басталды. Қалада көріз жүйесінің тозығы жеткен. Бұл мәселені шешу үшін жоба әзірленіп, оны келесі жылы жүзеге асыру жоспар-

ланып отыр.

Көлік инфрақұрылымы мен көше жарығына қатысты сұрақтар да көп көтерілді. Қазір «Қарағанды-Саран-Шахтинск» тасжолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Сондай-ақ, «Абай-Қарабас-Жартас» бағытындағы облыстық жолдың Шахтинскіге жақын бөлігінде орналасқан Долинка кентіндегі барлық бұрылыстар мен қосылатын жолдарға асфальт төселмек. Шахтинск, Новоодолинский және Шахан елдімекендерінде 7 шақырым жол орташа жөндеуден өткізілуде.



Қуатты өңір

Жергілікті тұрғындар қаладағы стадионға кіретін жолды ретке келтіруді сұрады. Қала әкімі бұл мәселе биыл шешілетінін, жолға асфальт төселетінін айтты. Сондай-ақ, жыл соңына дейін қала мен елдімекендерде 940-қа жуық жаңа жарық шамдары орнатылады.

Абаттандыру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Биыл Шахтинск, Долинка, Шахан және Новоодолинский елдімекендерінде 20 жаңа балалар ойын алаңы пайда болады. Бұл нысандар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында орнатылуда. Қала басшысы тұрғындарды ұсыныстарын белсенді түрде жолдауға шақырды. Сонымен бірге, Новоодолинский елдімекендерінде 20 жаңа балалар ойын алаңы пайда болады. Бұл нысандар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында орнатылуда. Қала басшысы тұрғындарды ұсыныстарын белсенді түрде жолдауға шақырды. Сонымен бірге, Новоодолинский елдімекендерінде 20 жаңа балалар ойын алаңы пайда болады. Бұл нысандар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында орнатылуда.

Кездесу барысында көтерілген барлық мәселе бақылауға алынып, оларды шешу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілмек. Кездесу соңында облыс әкімі тұрғындарды жеке мәселелері негізінде қабылдау өткізді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Үміт пен мейірім мекені

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоба жоспарының моделі негізінен Ресей, Франция, Германия елдерінен алынған. Орталық басшысы тілге тиек ете кеткендей, бастаманың тиімділігі дәлелденсе, алдағы уақытта республикаға таратылады.

— Осындай жоба ел аумағында тұңғыш рет жүзеге асып келеді. Үкіметтің тапсырмасына сай, үш жыл уақыт ішінде біз өз жұмысымызды көрсете білуіміз қажет. Сонда бұл жоба одан әрі жанданып, жалғасын табады. Мен өзім заң қызметкерімін, тәрбиеленушілерге құжаттама, тәртіп ережелері бойынша сауаттылықтарын арттырамын. Бізде тәрбиеленушілер өз қалаулары бойынша әр бағыттағы істермен шұғылданады. Олардың эмоциясы ерекше, қарым-қабілеттері де әркімді. Жұмысқа келген сәтте, сені бірден құшақтап алады, бауыр басып қалады екенсің. Біз де бірте-бірте дағдыланып, тәжірибемізді жетілдірудеміз, — деді заңгер Нұржан Жалбыров.



Ата-аналар үшін бұл орталықтың маңыздылығы жоғары. Өйткені, баласының жеке дамуы мен қоғаммен араласуы үшін осындай жобалар оларға демеу болары анық.

— Менің балам он бес жаста. Диагнозы — аутизм. Ата-анаретінде әлеуметтік орталықтың

ашылғанына өте қуаныштымын. Бұрын болашағымызға алаңдайтынбыз. Ал, қазір осындай жоба арқасында баламыздың әлеуетіне сеніп, өзіміз де болашаққа үмітпен қарай бастадық. Мамандандырылған білім беріп қана қоймай, қоғамға бейімделіп, өз жолын тауып кетсе екен дейміз, —

деді орталық тәрбиеленушісінің анасы әрі осындағы маман Меруерт Сағатқызы.

«Бізбен бірге бол» интеграциялық орталығы — бұл тек әлеуметтік қызмет көрсететін орын ғана емес, әрбір жанға үміт сыйлайтын мекен.

Суреттер автордан

Жараспайда — жаңа арка

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Нұра ауданындағы елдімекендерді абаттандыру мен көркейту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Аталған бағдарламаның жүзеге асуы барысына аудан әкімі Бақытжан Мұқанов апталық ақпараттық жиналыста үнемі тоқталып, оның маңыздылығын айтып отырады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылдық округтерде тұрақты өткізілетін сенбіліктер мен санитарлық тазалық акциялары өңір

басшысының назарынан түспейді. Бұл жұмыстар елдімекендердің тазалығы мен көркем келбетін сақтауға, сонымен бірге, тұрғын халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған.

Елдімекендерді көркейту шеңберінде орындалған игілікті істердің бірі — Жараспай ауылына кіре берісте орнатылған арка. Бұл істің бастамашысы да, жүзеге асырушы да «Жараспай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы С.Қоңырбаев. Арканың құны — 5 миллион теңге. Ол аталған серіктестіктің есебінен өтеді. Ауылдың ажарын ашып, тұрғындардың мақтанышына айналған нысан өскелең ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелеп,

рухын көтеретіні анық.

Өңір басшысы Бақытжан Мұқанов мұндай азаматтық бастамаға алғыс білдіре отырып, өзге шаруашылық жетекшілерін де туған ауылдарының дамуына белсене қызмет етуге шақырды.



Отанды сүю – отбасынан



Теміртау қаласының әкімдігінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің қорытындысында жеңімпаз атанып, ортадан озған отбасыларды марапаттау рәсімі өтті.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты сәтті құттықтау сөзбен ашқан Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов: – «Мерейлі отбасы» қалалық байқауы бізде осымен он бірінші жыл өткізіліп отыр. Сол уақыт ішінде оған жүздеген отбасы қатысса, енді биыл қаламыздың 80 жылдығы тұсында бұл сында 7 отбасы бақтарын сынады. Олар әр салада еңбек етіп, тәрбиелі ұрпақ өсіріп отырған өнегелі шаңырақтар болып табылады және қандай құрметке де лайық, – деп, оларды марапаттауға көшті.

Бұл жолы «Мерейлі отбасы» қалалық байқауында өзара бәсекеге түскен 7 отбасының бірде-бірі сый-сияпат пен жүлделен кенде қалмады. Яғни, қалалық әкімдік комиссиясының шешімімен 4 отбасы түрлі аталымда бағаланып, қошеметтелсе, қалған үшеуі жүлделі орындарды бөлісті. Атап айтқанда, «Үлгілі отбасы» болып Омаровтар жанұясы танылса, «Өнегелі отбасы» атағын Рахметжановтар шаңырағы иеленсе, Манарбековтер «Бақытты отбасы» атанып, Яковенколар «Тату отбасы» мәртебесіне ие болып, бұл төрт отбасына бірдей дипломдар мен 50 мың теңгенің ақша сертификаттары берілді.

Келесі кезекте үшінші орын



алған Серімовтер отбасы спортшылар отбасы болып саналады. Шаңырақ иесі Алматы осы саланың дамуына үлес қосып, жұбайы Айгерім екеуі тәрбиелеген үш баласы да облыстық, республикалық спорт турнирлерінде жақсы жетістіктерге жетіп жүргендіктен де диплом мен 150 мың теңгенің ақша сертификаттына ие болды. Ал, екінші орыннан көрініп, 200 мың теңгенің ақша сертификаты бұйырған Смағұловтар отбасының атағасы Нұрлан облыстық жедел жәрдем станциясының жоғары санатты фельдшері болса, «Центрэнергомон-

таж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кадр бөлімінің менеджері болып істейтін жұбайы Иринамен екеуінің алтындай екі қызы өсіп келеді.

Ең соңында жүлделі бірінші орын мен 350 мың теңгенің ақша сертификатын жеңіп алған Бүлкенбаевтар отбасын металлургтер әулеті десе де болады. Бұл отбасындағы ерлі-зайыпты Қалдыбай мен Айзат, олардың төрт баласының үлкені Асқар да қаладағы «Qarmet» акционерлік қоғамы құрамында еңбек етеді. Сол себепті, биылғы «Жұмысшы мамандықтарының жылында»

оларға берілген марапат та орнымен болды. Енді алдағы «Мерейлі отбасы» облыстық сайысына осы Бүлкенбаевтар отбасы баратын болып шешілді.

Теміртау қаласының мереймен құрметке ие болған отбасыларына арнап жергілікті өнерпаздар Ардабек Октябрь, Лариса Браун мен Камшат Насыровадан тұратын трио бірнеше ән орындаса, соңында байқау жүлдегерлері ескерткіш суретке түсті.

ТЕМІРТАУ

Сурет
ұйымдастырушылардан

Жасанды интеллект негізіндегі цифрлық заң кеңесшісі көмегі іске қосылды

Қазақстан Республикасында 2025 жылғы маусымнан бастап Әділет министрлігі азаматтарға жедел және қолжетімді құқықтық көмек көрсету үшін әзірлеген жасанды интеллект негізінде «Цифрлық көмекші» чат-боты іске қосылды. Бұл сервис adilet.gov.kz порталында және ezan.komegi мобильді қосымшасында жұмыс істейді, сонымен қатар тіркеуді немесе төлемді қажет етпейді. Чат-бот интерактивті форматта занамаалық мәселелер бойынша түсініктемелер бере отырып, Қазақстанның Нормативтік-құқықтық базасын шоғырландырады, бұл халықтың құқықтық сауаттылығын артты-

руға және құқықтық жүйемен өзара іс-қимылды жеңілдетуге ықпал етеді.


Жоба азаматтарға мемлекеттік органдарға жеке бару қажеттілігінсіз қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік бере отырып, онлайн режимінде заң консультацияларына ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қарағанды облысының Әділет департаменті өңір тұрғындарына құқықтық мәселелерді, әсіресе күтпеген жағдайларда жедел шешу үшін «Цифрлық көмекшіні» пайдалануды ұсынады. Болашақта сервистің функционалдык мүмкіндіктерін кеңейту жоспарлануда.

№137

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Сантай Сүлейменович Жетесов академик Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «Машина жасау технологиясы және стандарттау (ТОМиС)» кафедрасына ҰБТ-дан сәтті өткен талапкерлерді оқуға қабылдайды (бакалавриат, ғылым магистрі, PhD докторантура деңгейлері бойынша). Байланыс телефоны: 8 701 521 4310. Асығыңыздар! Уақыт шектеулі.

Лицензия № KZ45LAA00032371, берілген күні: 07.04.2022 ж. Берілген ұйым: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ.

№284



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 8 тамызынан бастап **«ТП-2 2X1600 кВА орналастыруға арналған үй-жайларды НБФ бас корпусына жапсарлас салу»** жобасына «Қоршаған

ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтау к.

Учаскенің географиялық координаттары:

№	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Град.	Мин.	Сек.	Град.	Мин.	Сек.
1	50	10	7,66	73	0	13,65
2	50	10	7,82	73	0	13,87
3	50	10	7,62	73	0	14,23
4	50	10	7,45	73	0	14,01

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Баймұхан А.Қ., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жетекші маманы, тел.8(7212)95 74 01, эл.мекенжайы: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz .

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап

<https://ndbecology.gov.kz> сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лобода көшесі, 20 үй «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz электрондық пошта және: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту **«Пристрой-**

ка помещения под размещение ТП-2 2x1600 кВА к главному корпусу НОФ» с 8 августа 2025 года.

Территория воздействия: Карагандинская область, п. Актау.

Географические координаты участка:

№	Северная широта			Восточная долгота		
	Град.	Мин.	Сек.	Град.	Мин.	Сек.
1	50	10	7,66	73	0	13,65
2	50	10	7,82	73	0	13,87
3	50	10	7,62	73	0	14,23
4	50	10	7,45	73	0	14,01

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Баймұхан А.Қ., ведущий специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сүлейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение

5 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганды, ул. Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 8 тамызынан бастап **«Әзірлеу корпусының ғимаратын және КБФ реагенттер қоймасын күрделі жөндеу (инв. № ОС-11-000101023)»** жұмыс жо-

басына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарағайлы к.

Учаскенің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	23	3,64	75	43	38,03
2	49	23	2,69	75	43	38,61
3	49	23	1,3	75	43	32,98
4	49	23	2,23	75	43	32,43

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Баймұхан А.Қ., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жетекші маманы, тел.8(7212)95 74 01, эл.мекенжайы: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап [https://](https://ndbecology.gov.kz)

ndbecology.gov.kz сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лобода көшесі, 20 үй «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz электрондық пошта және: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту **«Капремонт**

здания корпуса приготовления и склад реагентов КОФ (инв. №ОС-11-000101023)» с 8 августа 2025 года. Территория воздействия: Карагандинская область, п. Карагайлы.

Географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	23	3,64	75	43	38,03
2	49	23	2,69	75	43	38,61
3	49	23	1,3	75	43	32,98
4	49	23	2,23	75	43	32,43

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Баймұхан А.Қ., ведущий специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сүлейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления за-

мечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганды, ул. Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 8 тамызынан бастап **«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС – «КТМ» ОБ филиалының №1 РЕСХ бас механик қоймасы ғимаратын күрделі жөн-**

деу» жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарағанды қ.

Учаскенің географиялық координаттары:

№	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	54	18,55	73	11	31,62
2	49	54	17,99	73	11	30,52
3	49	54	16,75	73	11	31,99
4	49	54	17,27	73	11	33,12

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Баймұхан А.Қ., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жетекші маманы, тел.8(7212)95 74 01, эл.мекенжайы: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап [https://](https://ndbecology.gov.kz)

ndbecology.gov.kz сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лобода көшесі, 20 үй «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz электрондық пошта және: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту **«Капремонт**

здания Склад главного механика №1 РЕСХ Филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» – ПО «КПМ» с 8 августа 2025 года. Территория воздействия: Карагандинская область, г. Караганды

Географические координаты участка:

№	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	54	18,55	73	11	31,62
2	49	54	17,99	73	11	30,52
3	49	54	16,75	73	11	31,99
4	49	54	17,27	73	11	33,12

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Баймұхан А.Қ., ведущий специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сүлейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний

и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганды, ул. Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

д

• ДӘСТҮР

Өткенге – құрмет, бүгінге – ғибрат

Ас өткізудің де өз мәні бар. «Өлі разы болмай, тірі байымай- ды» деген жұртпыз. Бір елдің ұранына айналған, тұтас ру қа- лыптастырған даңқты бабалардың аруағына Құран бағышта- лып, есімдері ұлықталады. Бұл – ұрпақ тәрбиесі үшін де аса маңызды. Тағы бір маңызды миссиясы – ұлттық ойындар, яғни, ұлттық спорт дәріптеледі. Сондай тағылымды астың бірі Ақжал кентінің іргесінде өтті. Асты «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры ұйымдастырды. Елдің түпкір-түпкірінен атбегілер жүйріктерін әкелді, даңқы төнірекке тараған балуан- дар мен құралайды көзге атқан мергендер келді. 200-ден астам үй тігіліп, үш мыңнан астам мейман жиналды. Бұл – тойдың бір қызығы ғана. Шарапаты бір бөлек әңгіме.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астың шымылдығын Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров ашып берді. Аудан басшы- сы астың маңызы мен міндетіне тоқталып, ұлағатын айшықтады.

– Армысыздар, Көкбөрі Кер- ней баба ұрпақтары және құрмет- ті меймандар. Ажалды Ақжалда өтіп жатқан астың тағылымы мол. Қазақтың ғұлама ғалымы Әлкей Марғұлан «Бүгінгіңді ұлақтаудан бұрын өткеніңді ұмытпа» деген. Расымен де, алға мақсат қоймас бұрын, өткенімізге қайырылып, елдік жолында барын берген ұлыларымызды ұлықтап, оларға тағзым жасаған абзал. Ордалы Орта жүзде, Салқам Жөңгір хан тұсында қол бастаған Көкбөрі Керней баба ұрпақтары әр 10 жыл сайын өткізетін астың мақсаты – осы. Қай ғасырда болмасын, қазақтың ерлері сүйем жер үшін сүйегін қалдырып, жан аямай күрескен. Баһадүрлер мен аузы дуалы ақындарға пайым-парасаты мол ғалымдарға кенде емеспіз. Солардың ішінде Керней бабадан тараған атақты Балта, Түйте, Бала- пан, Жарылғап, Итқара, Ес, Есей, Елеген, Бодық, Аққошқар, Бегім- бет батырлар мен аузы дуалы Бай- сейіт, Қара би, Дия қажы секілді әйгілі би-шешендердің есімдері ұрпақтарының жадынан өшкен жоқ. Жүсіп Алтайбаев, Орынбет Беков, Шарбан Батталова, Жам- был Ақылбаев, Шабал Байсеққы- зы секілді ғалымдар мен даусыз дарындар Керней бабадан тараға-

нын мақтан тұтамыз, – деді Мұхит Мұхтаров.

Асқа еліміздің түпкір-түпкірі- нен құрметті меймандар жиналды. Барлығы дерлік сахна төріне кө- теріліп, жылы лебіздерін білдірді.

Астың салтанатты ашылу рәсімінде қор қаражатының есебі- нен Ақжал кентінің тұрғыны Тұрсын Қаппасоваға пәтер кіл- ті табысталды. «Жұмысшы ма-



мандықтарының жылы» аясында «Nova Цинк» қорғасын-мырыш кенін өндіру және байыту ком- паниясының қызметкерлеріне де



ла Жажметбеков, Сағи Қасымов, Айбек Серікұлы есімді азаматтар қор тарапынан марапатталды.

Сонымен қатар, өңір тұрғын- дарын жұмыспен қамтып, елдің әлеуметтік жағдайына оң ықпа- лын тигізіп отырған «Nova Цинк» қорғасын-мырыш кенін өндіру және байыту компаниясының бас- шыларына аудан әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Салтанатты ашылу рәсімінде қор қаражатынан Ақшатау кентіне жаңа жедел жәрдем көлігі тарту етілді. Жедел жәрдем көлігі заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған.

Аста бір атаның балалары араға 100 жыл салып табысты. Аманбек Әшімов есімді азаматтың атасы жаппай саяси қуғын-сүр- гін болған 1937 жылы Қырғыз- станға қоныс аударыпты. Белгілі жазушы, этнограф Төрехан Май- бас ата-баба ұрпақтарын түгендеп, шежіре тарқату барысында тауып, атажұрттағы ағайындарымен та- быстырған. Аманбек мырза Шу қаласында тұратын екі қарында- сын да ерте келіпті.



– Тегіміз – Балғынбаев. 1937 жылы атамыз өзін, ұрпағын сақтап қалу үшін тегін ауыстырса керек. Қазір Қырғызстанның Соқылық деген қаласында тұрамыз. 12 немерем, 3 шөберем бар. Бәрі Қырғызстанда. Бүгін жоғалтқа- нымызды тауып, қуанып жатқан жағдайымыз бар, – деді Аманбек Әшімов.

Қазақ күресінен 82 келі сал- мақ дәрежесінде І орын Тараз қаласынан келген Бекәділ Шай- мерденовтің еншісінде. Бірінші орынға автокөлік берілді. ІІ орын Бұқар жырау ауданынан келген Данил Кместиковке, ІІІ орын се- мейлік Ерзат Арғыновқа бұйы- рды. Абсолютті салмақта шым- кенттік Ерсұлтан Мұзапаров топ жарып, темір тұлпар ұтып алды. Тараздық Ғалымжан Қырықбай ІІ орынды, Абай ауданынан келген Айдар Оңайбеков ІІІ орынды ие- ленді.

Садақ ату жарысына 15 өңір- ден 135 мерген қатысты. Батыс Қазақстан облысынан келген Мұрат Лұқпанов көп ұпай жинап, жеңіс тұғырынан көрінді. Оған І млн теңге көлемінде қаржылай жүлде берілді. ІІ орын астаналық Ербол Тапеновтің, ІІІ орын алма- тылық Әлібек Еламанов пен Абай облысынан келген Әділет Исмүр- зиннің қанжығасында.

Құнан бәйгеде «Шалқұйрық»

• БАЙҚАУ

Шырғада шаң қаптырды

Күні кеше елордада өткен «BaiQymyz» гастротивестивалі аясында республикалық «Құмай тазы» жарысы өткен бо- латын. Оған әр аймақтан 36 тазы қатысып, өзара жүйрікті анықтады. Нәтижесінде, жерлесіміз Нұрдаулет Мырзахано- втың екі жасар «Майлыаяқ» тазысы жүлделі ІІ орын ие- леніп қайтты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылар тур- нирге қатысатын тазы санына шектеу қойған. Тек әр өңірден іріктелген кіл жүйріктердің ба- сын қосып, қысқа қашықтыққа, яғни, 400 метрге шырға тарту әдісімен жүгірткен. Жарыс ере- жесі бойынша 36 тазының алты топқа бөліп, әуелі топтық ірік- теу өткізген. Кейін әр топтан суырылып алға шыққан тазылар ақтық бәсекеде кездесіп, шын жүйрікті анықтады.

Жалпы, аймақтан бас-аяғы 10 тазы барған. Бірақ, тек «Май- лыаяқтың» ғана жолы болған көрінеді. Иесі бұл туралы:

– Бұл біздің екінші тур- ниріміз. Бұған дейін «Ауыл» пар- тиясының ұйымдастыруымен Астанада өткен республикалық бәсекеде жүлделі ІІІ орын ен- шілеген. Осы жолы да сүрін- бей, үздіктер қатарынан көрін-

ді. Біз үшін бұл үлкен жетістік. Қос республикалық турнирден қоржынымыз бос қайтпады. Жеребе тартқанда «Майлыаяқ» жарыстың екінші күніне түсті. Бірінші күні жүгірген тазылар финалға тың шықты. Ал, менің тазым екінші күні өз тобынан сұмырылып алға шығып, ақтық кезеңге жолдама алды. Содан кейін шешуші кезеңде бірден жүгірді. Соған қарамастан старт- ты бірінші бастады. Бірақ, соны- на таман бір тазыны алдына өткізіп алды, – деді Нұрдаулет Мырзаханов.

Жарыс қорытындысы бой- ынша Көкшетаудан келген Ах- мет Сансызбайұлы есімді итбе- гінің «Оқжетпесі» кара үзді. Ал, үздік үштікті елордалық Мұрат Мансұровтың «Алғыр» тазысы иеленді.

• ФУТБОЛ

«Шахтер» ширай түспек

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының сапына өткен айда бірнеше ойыншы қосылған еді. Бұл жолы клуб басшылығы тағы да екі ойыншыны қатарға қосты. Одан бөлек, клуб бас- шылығы Pro Sport Performance ұйымымен өзара ынтымақта- стық келісімге отырды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен аптада клубқа Стамбұл- дың атақты «Галатасарай» клубы- ның скауты Жихан Өнал ресми сапармен келген еді. Бұл жолы ма- манды клуб басшылығы арнайы шақыртқан. Шетелдік маман U16, U17, U18 жасөспірімдер коман- да- сының ойынын тамашалады. Әрі негізгі құрама команданың қос кездесуін, яғни, сырт алаңда және өз алаңында өткізген ойынның көріп қайтты.

Сапар соңында Жихан Өнал халықаралық аренада өнер көрсет- туге қабілеті бар талантты ойын- шылардың барын айтып, шетелдік клуб сапына ауысу мәселесін кө- терді.

Сонымен қатар, клуб бас- шылығы күні кеше Pro Sport Performance ұйымымен келісім- шартқа отырды. Яғни, кеншілер кәсіби және жасөспірімдер ком- андалары үшін сапалы резерв даярлау бағытында аталған ұйым- мен жұмыс істемек. Атап айтсақ, кәсіби футбол талаптарына сай келетін бапкерлер құрамын, білік- ті дәрігерлерді, физиотерапевттер мен реабилитологтарды жасақта- мақ.

Командаға жаңадан қосылған қорғаушылардың бірі – Сұлтан Сағынаев. Бұл ойыншының че- мпиондық тәжірибесі мол. Әрі ха- лықаралық деңгейде шындалған, УЕФА Жастар лигасында мер- гендігімен көзге түскен ойыншы.



Одан бөлек, елдегі топ-клубтар мен ұлттық құрама сапында бақ сынаған.

Бүгінде клубтың қорғаны- сы атап айтарлықтай емес. Сон-



аттай қалап, сапқа қосты. Ел чемпионы әрі Бірінші лиганың жеңімпазы қорғаушы Жасұлтан Қайырқенов те клуб са- пына қосылды. Мол тәжірибесі бар әрі әмбебап қорғаушы енді кеншілер жейдесінде өнер көр- сетпек. Әлбетте, тәжірибелі ойын- шыға клуб басшылығы зор сенім артып отыр. Командаға жаңа сер- пін әкеліп, тактикалық тұрғыдан өзгерістер жасайды деген үміт мол. Қазіргі уақытта клуб жас ой- ыншылардан жасақталған. Ал, бұл дегеніңіз, жеңіске деген жігердің, үміттің мол екендігін білдіреді.

Суреттер клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген  Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелумен өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 күнелігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Таралымы 3 498 №78 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев ж., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН			